

VI БӨЛІМ. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНАЛЫҚ ҚОР

2021-2022, 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарына кітапхана қызметінің талдауы

Кітапхана бұрышысы мұғалімдер бөлмесінде орналасқан. Кітапхана бұрышында сөрелерде әдеби кітаптар мен әдістемелік кешендер орналастырылған...

Кітап бұрышының көрсеткіштері.

Оқу жылы	Кітапхананың жалпы қоры	оның ішінде оқулық саны	көркем әдебиет	пән мұғалімдеріне арналған оқу-әдістемелік кешендер, брошюралар, газет журналдар	электрондық оқулық
2021-2022	311	177	134	50	6
2022-2023	234	85	149	50	6
2023-2024	451	278	173	50	6

VII БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ

Білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру мен формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі № 96 бұйрығы басшылыққа алынып білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау барлық сыныптардағы формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады. Оқу пәндерінің базалық деңгейін меңгеруін анықтайтын бақылау нысандары мен оқу бағдарламалары бойынша оқыту жүргізілетін сыныптарда білім алушылардың оқу жетістіктерін білім берудің тиісті мақсаттарымен және мазмұнымен салыстыру арқылы әр тақырыптық бөлім бойынша бағалаулар жүргізілді және оқушылардың тоқсандық және жылдық қорытындылары шығарылды. БЖБ үшін максималды балл 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, және оқу пәндерінің күрделілік деңгейін есепке ала отырып, бір күнде үштен артық БЖБ,ТЖБ өткізуге болмайтындығы ескерілді.

Компьютерлік тестілеу білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменті маманының қатысуымен жүргізілді. Тестілеуге 4 сынып бойынша барлығы 4 оқушы (100%) қатысты.

Тестілеу мектептің 4 сынып оқушыларынан қазақ тілі, математика пәндерінен алынды. Білім алушылардың дайындық деңгейін бағалау нәтижелері ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта білім беру стандартының талаптарына сәйкес келеді деп есептелді.

4- сыныптарын тестілеу нәтижелері

№	сынып	журнал бойынша оқушылар саны	қатысқан оқушылардың саны	"5" баға алған саны	"4" баға алған саны	"3" баға алған саны	"2" баға алған саны	орташ абалл	оң бағалар %
1	4	4	4	1	1	1	1	30/17	75%
Барлығы		4	4	1	1	1	1	30/17	75%

VIII БӨЛІМ. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ